

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2025 жылғы 30 қаңтардағы № ДС-47 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Елімізде мүгедектігі бар адамдарға қажетті жағдай жасау үшін бірқатар жүйелі әрі кешенді шаралар қабылдануда.

2-3-ші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін қоғамдық көлікте арнайы жеңілдіктер қарастыруға және бірыңғай көлік картасын енгізуге қатысты

«Автомобиль көлігі туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) сәйкес тұрақты маршруттардағы қоғамдық көліктің жұмысын ұйымдастыру (14-бабы) және жолаушылар үшін тұрақты маршруттардағы қоғамдық көлікте жол жүруге тариф белгілеу (19-бабының 2-тармағы) жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне кіреді.

Бұған қоса, Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен жеңілдік белгіленген жағдайда тасымалдаушылар жолаушылардың кейбір санаттарын тегін тасымалдауға немесе оларға жолақы төлеу бойынша өзге де жеңілдіктер беруге міндетті.

Жергілікті атқарушы органдар адамдардың кейбір санаттарына көлік қызмет көрсетуге, оның ішінде тегін жол жүру құқығына жеңілдік белгілеген кезде қаржыландыру көзін анықтайды және тасымалдаушымен шарт жасасады.

Бүгінгі күні барлық өңірлерде қалалық қоғамдық көліктерде 1, 2-ші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға тегін жол жүру жеңілдіктері қаралған. Астана, Ақтөбе, Қарағанды, Саран қалаларында 3 топтағы мүгедектігі бар адамдарға қоғамдық көлік жолақысы тегін. Атырау және Павлодар облысының Екібастұз қаласында 3 топтағы мүгедектігі бар адамдарға жол жүру билетіне 50 % жеңілдік бар, Қостанай, Лисаковск, Рудный қалаларында 3 топ мүгедектігі бар адамдарға 10 % жеңілдіктер белгіленген. Талдықорғанда 3 топтағы мүгедектігі бар адамдарға жолақы жеңілдігін беру қаралуда.

Осылайша, өңірлерде қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру және электрондық карта беру жергілікті атқарушы органдар бюджетінің мүмкіндікдігі ескеріле отырып ұйымдастырылады.

Мүгедектігі бар адамдарға арнайы бейімделген автокөліктер шығаруға және жеңілдетілген автонесие қарастыруға қатысты

Жеңілдетілген автонесие беру 2015 жылдан бастап «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) арқылы жүргізіледі. 2024 жылы бұл мақсатқа 230,7 млрд теңге көлемінде 37728 несие берілді.

Анықтама: несие шарттары – пайыздық мөлшерлеме 4 %; несие беру мерзімі 7 жылдан аспайды; бастапқы жарнаны екінші деңгейдегі банктер 10 % бастап белгілейді; автокөліктің ең жоғары құны – 15 млн теңге.

Банк ақпаратына сәйкес ай сайын екінші деңгейдегі барлық банктер бойынша шамамен 2,5 млрд теңге револьверлік қаражат қайтарылады, ай сайын 200-250 автокөлік сатып алу қаржыландыру жоспарлануда.

Қазіргі уақытта жеңіл автомобиль шығаратын 2 кәсіпорын жұмыс істейді («Hyundai Trans Kazakhstan» кәсіпорны – Hyundai жеңіл автомобильдері; «СарыарқаАвтоПром» кәсіпорны – Kia, Chevrolet, JAC, Jetour, Skoda жеңіл автомобильдері).

Сонымен қатар арнайы, жүк және коммерциялық техника шығаратын бірқатар кәсіпорындар жұмыс істейді («СарыарқаАвтоПром» кәсіпорны - Chevrolet, JAC, KIA, Lada, RENAULT, JETOUR, HONGQI, UAZ, SAZ, MAN брендтерінің автобустары, жүк техникасымен арнайы техника; «QazTehna» кәсіпорны – Yutong, HOWO, SCANIA брендтерінің жүк автомобильдері мен автобустары; «Hyundai Trans Auto» кәсіпорны – Hyundai, MAZ, GOLDEN DRAGON, FOTON брендтерінің жүк автомобильдері мен автобустары; «Семаз» кәсіпорны – SHACMAN, GAZ, Орал, DONGFENG, ZHONTONG, hino жүк автомобильдері мен автобустары; «Daewoo Bus Kazakhstan» кәсіпорны – Daewoo, GAZ, ЛИАЗ, ПАЗ, КАВЗ, ZHONTONG брендтерінің автобустары).

Өндірушілердің ақпараты бойынша жеңіл автомобильдер, автобустар және шағын жүк автомобильдерінің белгілі бір модельдерін бейімдеуге мүмкіндік бар.

Бүгінгі таңда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жеңілдетілген автонесие беру бағдарламасының әлеуметтік бағытын жақсарту үшін келіп түсетін револьверлік-қайтарымды қаражатты азаматтардың жекелеген санаттарын, оның ішінде 3 топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін, сондай-ақ оларға ресми түрде күтім жасайтын жақын туыстарына қолдауға жіберу мүмкіндігін қарастыруда. Қазіргі уақытта Министрлік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп егжей-тегжейлі талдау жүргізіп, жұмыстарды пысықтауда.

Барлық санаттағы мүгедектігі бар балаларға инватакси қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге қатысты

Инватакси қызметі Қағидалармен¹ регламенттелген. Бұған қоса, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі инватакси қызметіне қатысты заң жобасын² әзірледі. Аталған жоба 2025 жылы 12 ақпанда Мәжілістің отырысында қаралды, жұмыс жалғасуда. Инватакси қызметін көрсетуге қатысты қосымша туындаған мәселелер осы заңнан туындайтын нормативтік құқықтық актілерде көзделетін болады.

Жалпы мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасау жұмысын жалғастыруда.

О. Бектенов

¹ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 «Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын¹ бекіту туралы» бұйрығы

² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы